

Бұл нәтижені екі еселесек:  $9 \cdot 2 = 18$

Мұнан бастапқы ойлаған 10 санын алып тастасақ  $18 - 10 = 8$

Табылған нәтиже 8.

Бұған екіні қосып, ойлаған саны 10 –ды табады.

Сонымен, осы әрекеттерде нәтижеге екі санын қосып отырса ойлаған сан әрқашанда табылады.

Көп көңіл бөліп, математика сабағын түрліше әдістемеліктерді пайдалана отырып ұлттық мазмұнды есептер қарастыру арқылы оқушылардың ойлау, есепті тез шешу, шапшаңдық қабілеттеріне машықтандыруға тәрбиелейміз. Әрбір тұрмыс тіршілігіне байланысты есептер аз емес сондықтан бастысы байырға қазақтың қара есептерін математика сабағында әдістеме ретінде қолданыс тапса болашағымыздың, ұрпағымыздың ойлау қабілеттерінің, ой-өрісінің дамуы арта түспек. Өмірде кездеспек тіршілік көзінің ата-бабамыздан оңай келіп соқпағанын және де оның келешек ұрпақ үшін де маңызы зор екенін көрсете аламыз[2].

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1.«Қазақстан мектебі» журналы. №6, 2005 жыл.

2.«Сынып жетекші» журналы. №9, 2007 жыл.

### **НЕГІЗГІ АСПАПТЫ ҮЙРЕТУДЕГІ ОҚЫТУШЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ**

*Даукенова Айнура Уалихановна  
Тарих және өнер факультеті,  
музыкалық білім мамандығының  
2-курс студенті  
Есмаганбетова Ш.К. ҚМПИ,  
Өнер кафедрасының аға  
оқытушысы*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев "Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелер міндет ауыр" деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың қазіргі жаңа технологиясын шебер терең меңгерген болғанда ғана білігі мен білімі жоғары, жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Мұғалімнің бір ғана сыры - оның мамандығы. Бұл дүниеде теңдесі жоқ мамандық тек мұғалімге ғана лайық. Сондықтан ұстаз адам - кәсіби мамандығына құштар, оны жан-тәнімен сүйетін, барлық өмірін соған арнауы тиіс.

Өз басым мұғалім мамандығын дәлірек музыка пәнінің мұғалімі мамандығын таңдадым, сондықтан өз мамандығыма байланысты яғни негізгі аспапта-қобызда ойнау технологиясы жайлы айтқым келеді.

Музыкалық педагогика қазіргі заман психологиясының жалпы деректеріне негізделген және тиісінше оқушының жеке сипатын есепке алатын терең ойластырылған процесс болуы керектігі ешкімнің күмәнін тудырмайды. Орталық жүйке жүйесінің қозғалыс аппараты құрылымын ашатын физиологияда үлкен маңызға ие, ол қозғалыс дағдыларын тәрбиелеу жағынан көп нәрсе көрсетеді. Физиология бейімділік және қозғалыс облыстарының шын арақатынасын түсінуге көмектеседі, соның арқасында музыкалық педагогикада бірте-бірте кең таралып келе жатқан оқушыны тәрбиелеудің бейімділік әдісінің пайдалылығы көрсетілді. Ұстаздың оқушының бейімділік дамуына ғана назар аударуы

техниканы дамытуды бағаламауға әкеліп соғады. Осыған байланысты негізінде диалектикалық өзара әрекеттегі бейімділік және техникалық жағынан үйлесімді дамыту принципі жатқан орындаушыны тәрбиелеу әдістемесін жасауға қажеттілік туындайды.

Бейімділікті тәрбиелеумен бірге қозғалыс дағдыларына оқыту жүйелері ұсынылады, бұл жерде оларды шынықтыру кезінде ұстаз оқушының физиологиясына, табиғилық, еркіндік талаптарына, оның қозғалыс аппараттары жағдайының еркіндігіне басты назар аударуы тиіс. Көптеген ұстаздардың оқушыны 1 позиция шегінде бір жарым-екі жыл бойы шектеп, сол қолының дамуын кешіктірудің жөнсіздігіне әкеліп соғады.

Шығармадағы музыкалық ойды бір тұтас ән ретінде жеткізе білу үшін, оның техникалық рендермен қоса орындау ыңғайын да білген жөн. Осы мақсатта орындаушыға аспаптағы позиция түрлерін білу шеберлікті көрсетудегі маңызды білім түрі екендігін айта кетсек.

Оқушыға техникалық процесте қызықты болуы тиіс. Педогогикалық тәжірибеден мақсаты мен соңғы нәтижесі білместен «автоматты» түрде көптеген жаттығуларды қайталай беретін механикалық әдістерді алып тастаудың уақыты болған. Бұл жаттығулардан бас тарту деген сөз емес. Олар қажет, өйткені оларсыз кез-келген икемді үйрену мүмкін емес.

Сонымен оқушыда музыкаға деген сүйіспеншілік, оған деген эмоциялық қарым-қатынасты әрдайым тәрбиелеп отыру қажет. Бірақ, процессті музыкалық шығарманы тек эмоциялық қабылдау негізінде құру қате болады. Музыканы сезініп қана қоймай, түсіне білу керек. Сондықтан ұстаз оқу процесі түйсікті ғана емес, әрі саналы болу үшін, басынан бастап оқушының сезіміне ғана емес, санасына да назар аударуы керек. Сабақтағы пысықтық, сабақ жүргізуге деген шығармашылық қарым-қатынас – «іш пыстыратын» жаттығулар белгілі бір қызуғушылық туғызатындығының кепілі. Бірақ, ол үшін оқушы олардың мақсатқа жету үшін екендігін түсінуі керек.

Музыканттың кәсіптік қызметі үлкен ерік-жігер, еңбек, төзімділік, тәртіпті талап етеді. Алайда, осы санаттада музыкаға деген сүйіспеншілік, онымен әуестенушілік оларды тәрбиелеудің күшті құралы болады.

Қобыз аспабын меңгерудегі сабақтың ұзақтығы мен ұйымдастырылуы. Білім ордасында музыкалық мектебінің толық көлемдегі алғашқы сынып бағдарламасы бойынша сабақтар жүргізіледі. Дайындық сыныбының болмауы ұстазға асықпай, баппен оқушыда кейінгі сабақтарға қажетті қасиеттерді дамытуға мүмкіндік бермейді. Бұл ретте музыкалық бейімін, ырғақты және зердесін тәрбиелеу оқушының еңбекке қабілеттілігін нығайтуға да әсер ететін музыканы эмоциялық қабылдауға әкеліп соғатындай етіп жүргізілуі керек.

Оқушылардың музыкалық деңгейіне байланысты оқыту әдістемесі бір қалыпта реттеп отырады. Олардың психологиялық және физиологиялық даму деңгейлері әр түрлі екендігін естен шығармау керек. Егер, музыкалық деңгейі қалыптасқан оқушыға ноталарды жаттау жеңіл болса, кейбіреуі ауырырақ үйренеді, оның есесіне оларда образдық жады күшті дамыған. Қойылыммен жұмыс кезінде музыкалық деңгейі жақсы қалыптасқан балаға сөзбен айту жеткілікті, ол кемшілікті дұрыстап алады; ал кейбіреуі қойылымды ұстазының қимылын көшіру арқылы, белгілі бір қимылдың дағдылы әрекетке айналғанынша оны қайта-қайта қайталай отырып үйренеді.

Эмоциялық қабылдаумен де сондай жағдай болады. Егер, оқушы музыкалық шығарманы эмоциялық қабылдауды белгілі бір көңіл-күйге (мұңды, көңілді) жалпылама нұсқау арқылы шақыруға болса, жас ерекшелігіне байланысты кейбір балаларда ондай жинақтау негізінен болмайды. Оған «мұңды» сөзі не мағынада екендігі түсініксіз, оған ол «көңілсіз» түсінігімен байланысты; оның есесіне оларға көңілді мәндегі шығармалар жақын. Сосын олармен жұмыс кезінде нақты таныс бейнелерге жүгініп, оқушыны осы бағытта бірте-бірте дамыту абзал. Көбіне, оқушының музыкалық шығарманы қабылдауы үшін пьесаны аспапта ойнап шығу жеткілікті, музыкалық қабілеті төмен балалар үшін оны сөзін қосып айту қажет, ол пьесаның музыкалық мазмұнын ол үшін нақтылайды. Айтылғанмен байланысты оқушымен алғашқы сабақтарды елестетейік.

Оқушыны бірден өзіне тарту, оның сенімін жаулап алу қажет. Кейбіреуі сөйлескіш, және олар үшін тез дос болып кетесіз, басқалары, керсінше тұйық келеді және сізге «бөтен» ретінде қарайды. Оның көңіл-күйін назардан тыс қалдыруға болмайды. Сабақты сенімділік жағдайында бастап, оқушыда жұмыс көңіл-күйін шақыру керек.

Сабақты екі бағытта жүргізу қажет: а) бейімділікті және бейімділік елестерін дамыту, б) қойылым дағдыларын үйрену. Осы міндеттердің әрқайсысы, өз кезегінде бірнеше компоненттен тұрады. Мәселен, қол қойылымына аспаптан тыс алдын ала қимыл жаттығуларынсыз кірісуге болмайды. Осы жаттығулар және солармен жұмыс кейінде суреттеледі. Олар екі қолдың қойылымы алдында орындалады және қобыз сабақтарымен кезектесіп отырады.

Бейімді және бейімділік ұстанымдарын дамыту жаңа әнмен танысу, оның мінездемесін анықтау, сөздерін жаттау, ырғақтық суретін тықылдату, фортопианинода (металлофонда) және қобызда әуен таңдау, дауыстап көркем орындау және т.б. компоненттерден тұрады.

Осы элементтердің бір сабақта қызықты қабысуы ұстаздың шеберлігіне байланысты. Оның әрқайсымен ұзақ жұмыс істеу ынтаның әлсіреуіне әкеліп соғады, оның артынан нәтижесі де төмендейді. «Шаршадым» деген сөз сабақта айтылмау керек. Қажудың өлшемі болып физикалық шаршау емес, ынтаның жоғалуы. Ынтаның нашарлағаны, сабақты басқа объектіге ауыстыруы мезгілі жетті деген сөз.

Педогогикалық тәжірибеде оқушымен өткізілетін сабақ қалыптасқан. Бірақ, тәжірибеден көрінгендей, оқушы 50 минут қана емес, оданда көп уақытқа төзеп береді, егер оған қызықты болса. Сабақ барысында өне бойы отырмауы керек, оған қозғалу, отыру керек, бірақ оның бәрі сабақ аясында өтуі керек. Байыпты отырып демалу немесе оқушымен басқа тақырыптарға әңгімелесу сабақты қарқыныннан жаңылдырады және ынтаны жаңадан жұмылдыру үшін қосымша уақыт талап етеді.

Сонымен, оқушымен немен айналысу және сабақтың әрбір құрамдас бөлігіне шамамен қанша уақыт жіберу керектігін нақтылаймыз. Сабақтың жеке құрамдас бөліктерінің реті және уақыты шартты түрде берілген, олар басқаша болуы да мүмкін:

1. Жұмыс көңіл-күйін тудыру 2-3 минут
2. Аспапсыз жаттығу және қобызда сол қол қойылымымен жұмыс 5-7 минут.
3. Ысқышсыз оң қолға жаттығулар және ыспада оң қол қойылымымен жұмыс 5-7 минут
4. Ән салу, көркемділігімен жұмыс, бейімділігі бойынша таңдау және т.б. 5-10 минут
5. Сабақтың негізгі сәттерін қайталау және үй тапсырмасын жете түсіндіру 10 минут
6. Жаңа музыкалық шығармалармен танысу және оның мінездемесін анықтау 8-10 минут

Қортынды аралығын 40-45 минут қамтиды.

Келтірілген сабақтың сызбасынан ол қаншалықты әртүрлі және сонымен бірге бір мақсатқа бағытталған болуы мүмкіндігі көрінеді. Алайда, оқушы толық көлемдегі сабаққа төзбесе, оның ынтасын асыра күштеуге болмайды. Бұл жағдайда оқушыны анағұрлым ұзақ сабақтарға біртіндеп дайындау қажет.

Егер ұстаз әдістерінде оқушыға дербес қарау болмаса, сабақ тиісті нәтиже бермейді, әрі қуаныш әкелмейді. Бұндай жағдайларда оқушылардың көбі алғашқы қиын кезеңге төзім бермейді; олар сабаққа қатыспайды және де, кейінде онда оралмайды.

Аспапты меңгеру барысында оң мен сол қол қойылымдары бірнеше сабақ төңірегінде қойылады. Оқытушы үйрету әдістемесіне сүйене отырып, музыкалық қабылетін дамытуды сабақта қарастырылған жаттығуларды меңгеріп қана қоймай, үй тапсырмасы жұмысында қайталап орындау әдетін қалыптастыру арқылы ғана нәтижеге жетуге болады.

Қорытындылай келе ХХІ ғасыр - қатаң бәсеке ғасыры деп айтқым келеді. Елбасымыз халыққа арналған жолдауында "ХХІ ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда жаңаша ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз" дегенболатын.

Қашан да білімді ұрпақ - болашағымыздың кепілі. Егеменді еліміздің тағдыры - жас ұрпақтың тағдыры - бүгінгі ұстаздардың қолында.

## ТАЛАНТ ҚҰДІРІЕТІ

*Ержігітова А.С*  
*ҚМПИ, Тарих және өнер факультеті*  
*Музыкалық білім, 1-курс*  
*Ғылыми жетекшісі:*  
*Аға оқытуш Дүбірбаева Б.Т*

Ұлттық өнеріміздің ең бір іргелі және күрделі саласы- аспапты музыка өнері.Бұл көп ғасырлы көшпелі мәдениетіміздің өзі мен көзі, қайнар бұлағына айналған мәдени мұрамыздың түрі. Қазақ даласының қайталанбас табиғат көріністерін, бостандық сүйгіш үнін, азаттық аңсаған арманын, халық тағдыры мен тарихын, аңыз бен шындығын, жануарлар образын және басқа да көптеген тақырыптар мен сюжеттерде асқан көркемділікпен нәзік те қажырлы музыкалық тіл-әдістермен паш етеді. Қазақтың аспапты музыкасы (домбыра, қобыз, сыбызғы т.б) формасы мен композициясы жағынан өте көлемді дамыған. Күй адамның ішкі жан дүниесінің сыры.Күйдің құдіреттілігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес ау сірә. Күй-адамның мұңдасы, сырласы. Күйдің құдіреттілігі жайлы осы күнге дейін жеткен аңыз-әңгімелерде жетерлік.Күйдің құдіретті тілі туралы ұлы Абай:

Ақылдығың сөзіндей ойлы күйді,  
Тыңдағанда көңілдің өсері бар-десе,  
ал дарындыақын Иса:  
Күйлердің сөзін ішіп, сорғалатқан,  
Бармақтан бал тамызып, жорғалатқан,  
Тәтті күй жанның тілі, жігер, қайрат,  
Қазағым, мақтана бер, соны тапқан –деп шаттанған екен.

Күй — домбыра кеудесіндегі жаңғырған жан дауысы. Ақындық зор шабытпен сипаттаған, баяндаған өмір көрінісі. Соның бірі қуаныш — ренішке ғана саяды. Ал қуаныш, реніш — өмір күресіндегі алапат сезім арпаласы. Оны халықтың заңғар жазушысы М. Әуезовтың сөзімен айтқанда: «Жалпы музыка атаулы нәрсе, елдің сезім байлығы мен ішкі жатылыс қалпын білдірсе, солардың ішінде ең толғаулы, ең терең сырлысы — күй» — дегенге тіреледі.Күй — композитордың ішкі жан сырының айнасы десен, оның «күй» деген атының өзінде үлкен қуат, шабыт құдіреті жатады.Қазақ халқы күйшіні ерекше қадірлеп, домбырашыны «бармағынан бал тамған», «адамның жорғасы» деп, олардың аттарын ерекше құрметпен атаған.Заман өзгерген сайын аспапты музыка бұл дәстүрлі болмыстан жіктелініп, концерттік(жеке орындаушылық), ансамбльдік және оркестрлік музыкаға ауысты. Көшпенді өркениетіміздің тарихында домбыраның орны мен маңызы ерекше. Домбыра қазақтың жаны мен тәні, сырын шертетін айрылмас досы. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ-домбыра» деп бекерден бекер айтпаса керек.Күйшілік өнер-ата-бабаларымыздан келе жатқан асыл мұрамыз.Сонау Құрманғазыдан бастау алған бұл қасиетті өнеріміз қазіргі күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпай, жылдан-жылға өркендеп, кең қанат жаюда. Атадан қалған осынау қанға сіңген өнерімізді насихаттап жүрген аға-апаларымыз қаншама. Әр өнер өкілдері өздерінің жалғасын талантты шәкірттерінен шыққан (ұстаз-шәкірт), тал жас домбырашы-күйші ұстаздан алған тәлім-тәрбиесін өсиет ретінде ұқыптылықпен одан әрі дамытқан.